

СЕМИНАР САБАҚ №1

Тақырыбы:

Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы зерттеу парадигмалары

Сабақтың мақсаты

Студенттерге әлеуметтік-мәдени антропологиядағы негізгі ғылыми парадигмалардың мазмұнын түсіндіру, олардың мәдени құбылыстарды зерттеудегі әдіснамалық ерекшеліктерін талдау және ғылыми зерттеу барысында әдіснамалық бағытты саналы таңдаудың маңызын меңгерту.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында әлеуметтік-мәдени антропологиядағы ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Ғылыми парадигма ұғымының мазмұны, оның ғылыми танымдағы орны және антропологиялық зерттеулердегі рөлі талданады. Позитивистік, интерпретативтік, конструктивистік және сыни антропология бағыттарының ерекшеліктері салыстырылып, олардың әлеуметтік-мәдени құбылыстарды зерттеудегі мүмкіндіктері мен шектеулері анықталады. Сонымен қатар зерттеушінің дүниетанымы, ғылыми ұстанымы және теориялық көзқарасының зерттеу нәтижелеріне ықпалы қарастырылады. Студенттер нақты ғылыми мақалаларды талдау арқылы қолданылған зерттеу парадигмасын анықтап, оның зерттеу логикасына әсерін бағалайды.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Ғылыми парадигма дегеніміз не?
2. Позитивизм мен интерпретативизмнің негізгі айырмашылықтары қандай?
3. Конструктивистік тәсіл әлеуметтік шындықты қалай түсіндіреді?
4. Әдіснамалық таңдаудың ғылыми зерттеу нәтижесіне ықпалы қандай?

Практикалық тапсырмалар

1. Берілген ғылыми мақаланың зерттеу парадигмасын анықтап, дәлелдеңіз.
2. Зерттеу парадигмаларын салыстырмалы кесте түрінде көрсетіңіз.
3. Өз зерттеу тақырыбыңызға сәйкес келетін әдіснамалық бағытты негіздеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Geertz C. *The Interpretation of Cultures*.
3. Denzin N., Lincoln Y. *The SAGE Handbook of Qualitative Research*.
4. Flick U. *An Introduction to Qualitative Research*.

СЕМИНАР САБАҚ №2

Тақырыбы:

Антропологиялық зерттеуді жоспарлау және зерттеу дизайнын құру

Сабақтың мақсаты

Студенттерді ғылыми зерттеуді жоспарлаудың негізгі кезеңдерімен таныстыру, зерттеу мәселесін анықтау, ғылыми сұрақтарды құрастыру және антропологиялық зерттеу дизайнын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинарда антропологиялық зерттеуді жоспарлаудың негізгі кезеңдері қарастырылады. Ғылыми мәселені анықтау, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу, зерттеу мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау, зерттеу сұрағын әзірлеу қағидалары талданады. Зерттеу объектісі мен пәнін анықтау, теориялық негізді таңдау және зерттеу стратегиясын әзірлеу мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар зерттеу дизайнының ғылыми зерттеудегі орны, оның құрылымы мен логикалық байланыстары түсіндіріледі. Студенттер халықаралық ғылыми мақалалар негізінде зерттеу құрылымын талдап, өздерінің болашақ зерттеу жобасының бастапқы жоспарын әзірлейді.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Ғылыми мәселе қалай анықталады?
2. Зерттеу мақсаты мен міндеттерінің айырмашылығы қандай?
3. Research Design ұғымының мәні неде?
4. Антропологиялық зерттеуде зерттеу сұрағы қандай талаптарға сәйкес болуы тиіс?

Практикалық тапсырмалар

1. Халықаралық ғылыми мақаланың Research Design құрылымын талдаңыз.
2. Өз зерттеу тақырыбыңыз бойынша зерттеу мақсаты мен міндеттерін жазыңыз.
3. Зерттеу сұрақтарын әзірлеп, топ ішінде талқылаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Creswell J.W. *Research Design*.
3. Flick U. *An Introduction to Qualitative Research*.
4. Bryman A. *Social Research Methods*.

СЕМИНАР САБАҚ №3

Тақырыбы:

Антропологиялық зерттеулердегі зерттеу стратегиялары және іріктеу әдістері

Сабақтың мақсаты

Студенттерге антропологиялық зерттеулерде қолданылатын зерттеу стратегиялары мен іріктеу әдістерінің ерекшеліктерін меңгерту және зерттеу алаңын ғылыми негізде жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында антропологиялық зерттеулерде қолданылатын зерттеу стратегиялары мен іріктеу әдістері қарастырылады. Ықтималдық және ықтималдық емес іріктеу

тәсілдерінің ерекшеліктері, мақсатты іріктеу (purposive sampling), snowball sampling және негізгі информанттарды (key informants) таңдау қағидалары талданады. Сонымен қатар зерттеу алаңын анықтау, мәдени қауымдастыққа қолжетімділік және информанттарды іріктеудің ғылыми және этикалық талаптары қарастырылады. Студенттер нақты зерттеу жағдайларына сәйкес іріктеу әдістерін таңдап, өздерінің зерттеу жобасына арналған іріктеу жоспарын әзірлейді.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Антропологиялық зерттеулерде қандай іріктеу әдістері жиі қолданылады?
2. Мақсатты іріктеудің ерекшелігі неде?
3. Key informant ұғымы нені білдіреді?
4. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігіне іріктеу қалай әсер етеді?

Практикалық тапсырмалар

1. Берілген зерттеу жағдайына сәйкес тиімді іріктеу әдісін таңдаңыз.
2. Өз зерттеуіңіз үшін информанттарды іріктеу жоспарын құрастырыңыз.
3. Зерттеу алаңын сипаттап, оның артықшылықтары мен шектеулерін анықтаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Spradley J.P. *The Ethnographic Interview*.
3. Hammersley M., Atkinson P. *Ethnography: Principles in Practice*.
4. Pelto P.J. *Applied Ethnography*.

СЕМИНАР САБАҚ №4

Тақырыбы:

Антропологиялық сұхбатты жоспарлау және жүргізу тәжірибесі

Сабақтың мақсаты

Студенттерге антропологиялық сұхбат жүргізудің теориялық және практикалық негіздерін меңгерту, әртүрлі сұхбат түрлерінің ерекшеліктерін түсіндіру және сапалы эмпирикалық деректер жинауға қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында антропологиялық зерттеулердегі сұхбат жүргізу әдістерінің ерекшеліктері қарастырылады. Құрылымданбаған, жартылай құрылымданған және құрылымданған сұхбаттардың ғылыми мақсатқа сәйкес қолданылуы талданып, олардың артықшылықтары мен шектеулері салыстырылады. Interview Guide әзірлеудің негізгі қағидалары, зерттеу сұрағына сәйкес сұрақтарды құрастыру, ашық және жабық сұрақтардың ерекшеліктері, probing техникасы және белсенді тыңдау дағдылары қарастырылады. Сонымен қатар зерттеуші мен информант арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату, мәдени сезімталдықты сақтау, ақпараттандырылған келісім алу және құпиялықты қамтамасыз ету мәселелері талқыланады. Практикалық бөлімде студенттер

жұппен жұмыс істеп, пилоттық сұхбат жүргізеді, алынған жауаптарды талдайды және сұхбат жүргізу барысында кездесетін қиындықтарды бағалайды. Семинар нәтижесінде студенттер антропологиялық сұхбаттың ғылыми талаптарын тәжірибе жүзінде меңгеріп, өз зерттеу жобасына арналған сұхбат сценарийін әзірлейді.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Антропологиялық зерттеулерде сұхбаттың қандай түрлері қолданылады?
2. Жартылай құрылымданған сұхбаттың артықшылықтары қандай?
3. Зерттеуші мен информант арасындағы сенімді қарым-қатынас қалай қалыптасады?
4. Сұхбат жүргізу барысында қандай этикалық талаптар сақталуы тиіс?

Практикалық тапсырмалар

1. Өз зерттеу тақырыбыңыз бойынша Interview Guide әзірлеңіз.
2. Жұппен жартылай құрылымданған сұхбат жүргізіп, нәтижесін қысқаша талдаңыз.
3. Сұхбат барысында қолданылған probing тәсілдерін анықтап, олардың тиімділігін бағалаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Spradley J.P. *The Ethnographic Interview*.
3. Kvale S., Brinkmann S. *InterViews: Learning the Craft of Qualitative Research Interviewing*.
4. Rubin H., Rubin I. *Qualitative Interviewing*.

СЕМИНАР САБАҚ №5

Тақырыбы:

Қатыса бақылау жүргізу техникасы және зерттеушінің рефлексивтілігі

Сабақтың мақсаты

Студенттерге қатыса бақылау әдісінің ғылыми негіздерін меңгерту, далалық зерттеу барысында бақылау жүргізу техникасын тәжірибеде қолдануға үйрету және зерттеушінің рефлексивті ұстанымының маңызын түсіндіру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында қатыса бақылау әлеуметтік-мәдени антропологиядағы негізгі эмпирикалық зерттеу әдісі ретінде қарастырылады. Қатыса бақылаудың түрлері, зерттеушінің далалық ортадағы рөлі, мәдени ортаға бейімделу және зерттеу алаңына кіру ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар бақылау жүргізудің кезеңдері, бақылау объектісін анықтау, әлеуметтік өзара әрекеттесуді сипаттау және мәдени тәжірибелерді ғылыми тұрғыдан тіркеу қағидалары қарастырылады. Зерттеушінің рефлексивтілігі, жеке тәжірибесінің, құндылықтарының және мәдени ұстанымдарының зерттеу нәтижелеріне ықпалы талқыланып, объективтілік пен интерпретация арасындағы байланыс бағаланады. Практикалық бөлімде студенттер нақты қоғамдық кеңістікке арналған бақылау жоспарын

әзірлейді, бақылау парағын толтырады және алынған мәліметтерді қысқаша этнографиялық сипаттама түрінде рәсімдейді. Семинар соңында қатыса бақылаудың ғылыми сенімділігі мен зерттеу сапасын арттырудағы маңызы талқыланады.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Қатыса бақылаудың антропологиялық зерттеулердегі орны қандай?
2. Зерттеушінің рефлексивтілігі дегеніміз не және ол не үшін қажет?
3. Бақылау барысында объективтілікке қалай қол жеткізуге болады?
4. Қатыса бақылаудың негізгі артықшылықтары мен шектеулері қандай?

Практикалық тапсырмалар

1. Таңдалған қоғамдық кеңістікке арналған бақылау жоспарын әзірлеңіз.
2. Бақылау парағын құрастырып, бақылау барысында тіркелуі тиіс негізгі көрсеткіштерді анықтаңыз.
3. Қысқаша этнографиялық бақылау жүргізіп, алынған нәтижелер бойынша аналитикалық қорытынды жазыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Spradley J.P. *Participant Observation*.
3. Malinowski B. *Argonauts of the Western Pacific*.
4. Emerson R.M., Fretz R.I., Shaw L.L. *Writing Ethnographic Fieldnotes*.
5. Hammersley M., Atkinson P. *Ethnography: Principles in Practice*.

СЕМИНАР САБАҚ №6

Тақырыбы:

Этнографиялық далалық күнделік жүргізу: әдісі, құрылымы және ғылыми маңызы

Сабақтың мақсаты

Студенттерге этнографиялық далалық күнделік жүргізудің ғылыми қағидаларын меңгерту, далалық бақылауларды жүйелі тіркеу және алынған эмпирикалық деректерді ғылыми тұрғыдан рәсімдеу дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында этнографиялық далалық күнделік антропологиялық зерттеудің негізгі эмпирикалық құжаттарының бірі ретінде қарастырылады. Далалық жазбалардың ғылыми зерттеудегі орны, олардың құрылымы мен түрлері талданады. Дескриптивті, аналитикалық, әдіснамалық және рефлексивті жазбалардың ерекшеліктері түсіндіріліп, бақылау нәтижелерін дәл және жүйелі тіркеудің ғылыми талаптары қарастырылады. Сонымен қатар уақыт, кеңістік, әлеуметтік контекст және мәдени әрекеттерді сипаттау тәсілдері талданып, бақылау мен интерпретацияны ажыратудың маңызы көрсетіледі. Практикалық бөлімде студенттер шағын далалық бақылау жүргізіп, этнографиялық күнделік рәсімдейді және жазылған материалдардың ғылыми сапасына өзара талдау жасайды.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Этнографиялық далалық күнделік қандай мақсатта жүргізіледі?
2. Дескриптивті және аналитикалық жазбалардың айырмашылығы неде?
3. Рефлексивті жазбалар зерттеу сапасына қалай әсер етеді?
4. Далалық жазбаларды жүргізуде қандай қателіктер жиі кездеседі?

Практикалық тапсырмалар

1. Берілген бақылау жағдайына сәйкес этнографиялық далалық күнделік жазыңыз.
2. Далалық жазбаларды құрылымдық элементтерге бөліп талдаңыз.
3. Жұппен бір-біріңіздің далалық күнделіктеріңізге сараптамалық пікір беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Emerson R.M., Fretz R.I., Shaw L.L. *Writing Ethnographic Fieldnotes*.
3. Spradley J.P. *Participant Observation*.
4. Hammersley M., Atkinson P. *Ethnography: Principles in Practice*.

СЕМИНАР САБАҚ №7

Тақырыбы:

Мәдени домендерді анықтау және мәдени категорияларды талдау

Сабақтың мақсаты

Студенттерді мәдени домендерді зерттеу әдістерімен таныстыру, мәдени категорияларды анықтау және мәдени білім құрылымын антропологиялық тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында мәдени домен ұғымы және оның әлеуметтік-мәдени антропологиядағы орны қарастырылады. Free Listing және Pile Sort әдістерінің теориялық негіздері түсіндіріліп, мәдени ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтау жолдары талданады. Студенттер мәдени категорияларды жіктеу, олардың иерархиялық құрылымын анықтау және мәдени консенсус элементтерін сипаттау тәсілдерін меңгереді. Практикалық бөлімде белгілі бір әлеуметтік немесе мәдени құбылысқа қатысты мәдени домен құрастырылып, алынған нәтижелер талданады. Сонымен қатар мәдени модельдердің қалыптасуы, мәдени айырмашылықтар және олардың әлеуметтік тәжірибемен байланысы жөнінде пікірталас жүргізіледі.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Мәдени домен дегеніміз не?
2. Free Listing әдісі қандай жағдайда қолданылады?
3. Pile Sort әдісі мәдени категорияларды анықтауға қалай көмектеседі?

4. Мәдени консенсус ұғымының антропологиялық зерттеулердегі орны қандай?

Практикалық тапсырмалар

1. Белгілі бір мәдени тақырып бойынша Free Listing жүргізіңіз.
2. Алынған нәтижелер негізінде Pile Sort әдісі арқылы мәдени категорияларды топтастырыңыз.
3. Қалыптасқан мәдени доменге қысқаша антропологиялық талдау жасаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Spradley J.P. *The Ethnographic Interview*.
3. Weller S.C., Romney A.K. *Systematic Data Collection*.
4. Borgatti S.P. *Cultural Domain Analysis*.

СЕМИНАР САБАҚ №8

Тақырыбы:

Антропологиялық зерттеулердегі ғылыми этика және кәсіби жауапкершілік

Сабақтың мақсаты

Студенттерде антропологиялық зерттеулердегі ғылыми этика қағидалары туралы кешенді түсінік қалыптастыру, зерттеушінің кәсіби жауапкершілігін бағалау және этикалық мәселелерді шешу дағдыларын дамыту.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында антропологиялық зерттеулердегі ғылыми этиканың негізгі қағидалары қарастырылады. Ақпараттандырылған келісім алу, зерттеуге ерікті қатысу, құпиялықты сақтау, жеке деректерді қорғау және мәдени сезімталдық мәселелері талданады. Сонымен қатар зерттеушінің кәсіби жауапкершілігі, рефлексивті ұстанымы және ғылыми адалдық қағидалары қарастырылып, халықаралық антропологиялық қауымдастықтардың этикалық стандарттары талқыланады. Практикалық бөлімде нақты антропологиялық зерттеулерден алынған этикалық жағдайлар (Case Study) талданып, студенттер этикалық дилеммаларды шешудің ғылыми негізделген жолдарын ұсынады. Семинар барысында цифрлық этнография, әлеуметтік желілердегі зерттеулер және жасанды интеллект құралдарын пайдалану кезіндегі жаңа этикалық мәселелерге де назар аударылады.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Антропологиялық зерттеулердегі ғылыми этиканың негізгі қағидалары қандай?
2. Ақпараттандырылған келісім неліктен маңызды?
3. Зерттеушінің рефлексивтілігі ғылыми зерттеу сапасына қалай әсер етеді?
4. Цифрлық ортадағы зерттеулерде қандай жаңа этикалық мәселелер туындайды?

Практикалық тапсырмалар

1. Ұсынылған антропологиялық зерттеу жағдайындағы этикалық мәселелерді анықтап, шешу жолдарын ұсыныңыз.
2. Ақпараттандырылған келісім үлгісін әзірлеңіз.
3. Ғылыми адалдық қағидаларын сақтай отырып, зерттеушінің этикалық кодексінің қысқаша жобасын құрастырыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. American Anthropological Association. *Principles of Professional Responsibility*.
3. Israel M., Hay I. *Research Ethics for Social Scientists*.
4. Denzin N.K., Lincoln Y.S. *The SAGE Handbook of Qualitative Research*.
5. Pink S. *Doing Visual Ethnography*.

СЕМИНАР САБАҚ №9

Тақырыбы:

NVivo бағдарламасында сапалық антропологиялық деректерді кодтау және тақырыптық талдау

Сабақтың мақсаты

Студенттерге NVivo бағдарламасының көмегімен сапалық антропологиялық деректерді жүйелеу, кодтау және тақырыптық талдау жүргізудің негізгі қағидаларын меңгерту, сұхбат пен этнографиялық бақылау материалдарын ғылыми тұрғыдан өңдеу дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында NVivo бағдарламасының сапалық антропологиялық зерттеулердегі орны мен мүмкіндіктері қарастырылады. Студенттер сұхбат мәтіндерін, этнографиялық далалық жазбаларды және басқа да мәтіндік деректерді бағдарламаға енгізу, жоба құру және бастапқы кодтарды әзірлеу кезеңдерімен танысады. Кодтау үдерісінің ғылыми логикасы, категорияларды қалыптастыру, тақырыптық талдау (Thematic Analysis) жүргізу және деректер арасындағы байланыстарды анықтау тәсілдері тәжірибе жүзінде орындалады. Сонымен қатар кодтардың сенімділігі, интерпретацияның негізділігі және сапалық зерттеулердегі аналитикалық ойлаудың маңызы талқыланады. Семинар нәтижесінде студенттер өздерінің далалық зерттеу материалдарын NVivo бағдарламасында өңдеп, негізгі тақырыптарды анықтау және бастапқы ғылыми қорытындылар жасау тәжірибесін меңгереді.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. NVivo бағдарламасы сапалық зерттеулерде қандай міндеттерді шешеді?
2. Кодтау мен категориялау үдерістерінің айырмашылығы неде?
3. Тақырыптық талдау антропологиялық зерттеулерде қалай қолданылады?
4. Сапалық деректерді цифрлық өңдеудің артықшылықтары қандай?

Практикалық тапсырмалар

1. Сұхбат мәтінін NVivo бағдарламасына импорттап, бастапқы кодтарды құрыңыз.
2. Кодтарды тақырыптық категорияларға біріктіріңіз.
3. Алынған нәтижелер бойынша қысқаша аналитикалық қорытынды жазыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Bazeley P., Jackson K. *Qualitative Data Analysis with NVivo*.
3. Braun V., Clarke V. *Thematic Analysis: A Practical Guide*.
4. Flick U. *An Introduction to Qualitative Research*.

СЕМИНАР САБАҚ №10

Тақырыбы:

SPSS бағдарламасында антропологиялық зерттеу деректерін өңдеу және сипаттамалық статистика

Сабақтың мақсаты

Студенттерге SPSS бағдарламасының негізгі мүмкіндіктерін таныстыру, антропологиялық зерттеулердегі сандық деректерді өңдеу және сипаттамалық статистикалық талдау жүргізудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында SPSS бағдарламасының интерфейсі, деректер базасын құру, айнымалыларды енгізу және кодтау тәсілдері қарастырылады. Студенттер сауалнама нәтижелерін электрондық базаға енгізіп, айнымалыларды дұрыс анықтау, өлшеу деңгейлерін белгілеу және деректерді тексеру қағидаларын меңгереді. Сонымен қатар жиілік кестелері, пайыздық көрсеткіштер, орташа мәндер және басқа да сипаттамалық статистикалық көрсеткіштерді есептеу тәжірибеде орындалады. Алынған нәтижелерді кесте және диаграмма түрінде рәсімдеу, оларды ғылыми тұрғыдан интерпретациялау және сапалық зерттеу нәтижелерімен байланыстыру жолдары талқыланады. Семинар барысында сандық талдау сапалық зерттеулерді толықтыратын қосымша құрал ретінде қарастырылып, аралас әдістердегі (Mixed Methods) маңызы түсіндіріледі.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Антропологиялық зерттеулерде сандық әдістер қандай жағдайда қолданылады?
2. Айнымалы ұғымы нені білдіреді?
3. Сипаттамалық статистика қандай ақпарат береді?
4. SPSS бағдарламасының ғылыми зерттеулердегі артықшылықтары қандай?

Практикалық тапсырмалар

1. Сауалнама нәтижелерін SPSS бағдарламасына енгізіңіз.
2. Жиілік кестелері мен диаграммалар құрыңыз.

3. Алынған нәтижелерге қысқаша статистикалық сипаттама беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Field A. *Discovering Statistics Using IBM SPSS Statistics*.
3. Pallant J. *SPSS Survival Manual*.
4. Bryman A. *Social Research Methods*.

СЕМИНАР САБАҚ №11

Тақырыбы:

Аралас зерттеу әдістері және SmartPLS бағдарламасында концептуалдық модель құру

Сабақтың мақсаты

Студенттерді аралас зерттеу әдістерінің ерекшеліктерімен таныстыру, сапалық және сандық деректерді біріктіру логикасын түсіндіру және SmartPLS бағдарламасының көмегімен қарапайым концептуалдық зерттеу моделін әзірлеу дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында аралас зерттеу әдістерінің (Mixed Methods Research) қазіргі әлеуметтік ғылымдардағы орны қарастырылады. Сапалық және сандық деректердің өзара толықтырушы сипаты, оларды бір зерттеу аясында біріктірудің ғылыми негіздері және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырудағы рөлі талданады. Сонымен қатар SmartPLS бағдарламасының интерфейсімен жұмыс, латентті және бақыланатын айнымалыларды анықтау, қарапайым концептуалдық модель құру және айнымалылар арасындағы болжамды байланыстарды визуализациялау тәсілдері көрсетіледі. Семинар барысында SmartPLS бағдарламасы күрделі статистикалық талдау жүргізуге емес, зерттеу логикасын түсіну, теориялық модельді қалыптастыру және ғылыми ойлауды дамыту құралы ретінде қарастырылады. Студенттер өздерінің зерттеу тақырыптарына сәйкес қарапайым модель құрып, оның теориялық негіздемесін әзірлейді.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Mixed Methods Research ұғымының мәні неде?
2. Сапалық және сандық деректер қалай өзара толықтырылады?
3. Концептуалдық модель ғылыми зерттеуде қандай қызмет атқарады?
4. SmartPLS бағдарламасын антропологиялық зерттеулерде қандай мақсатта қолдануға болады?

Практикалық тапсырмалар

1. Өз зерттеу тақырыбыңыз бойынша концептуалдық модель әзірлеңіз.
2. SmartPLS бағдарламасында негізгі айнымалылар арасындағы байланыстарды көрсетіңіз.
3. Құрылған модельдің ғылыми негіздемесін қысқаша түсіндіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Hair J.F., Hult G.T.M., Ringle C.M., Sarstedt M. *A Primer on Partial Least Squares Structural Equation Modeling (PLS-SEM)*.
2. Creswell J.W., Plano Clark V.L. *Designing and Conducting Mixed Methods Research*.
3. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
4. Bryman A. *Social Research Methods*.

Тақырыбы:

Антропологиялық зерттеулердегі инновациялық әдістер және цифрлық құралдарды кешенді пайдалану

Сабақтың мақсаты

Студенттерді қазіргі әлеуметтік-мәдени антропологиядағы инновациялық зерттеу әдістерімен таныстыру, NVivo, SPSS және SmartPLS бағдарламаларын кешенді қолдану мүмкіндіктерін көрсету және әртүрлі деректерді интеграциялау дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында қазіргі антропологиялық зерттеулерде қолданылатын инновациялық әдістер мен цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері қарастырылады. Сапалық және сандық деректерді біріктірудің ғылыми негіздері, зерттеу нәтижелерін цифрлық ортада өңдеу және визуализациялау тәсілдері талданады. NVivo бағдарламасында алынған сапалық кодтар мен SPSS бағдарламасында өңделген сандық нәтижелердің өзара байланысын бағалау жолдары түсіндіріледі. Сонымен қатар SmartPLS бағдарламасының көмегімен концептуалдық модельдерді жетілдіру және зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан интерпретациялау ерекшеліктері қарастырылады. Семинар барысында қазіргі цифрлық технологиялардың антропологиялық зерттеулердің тиімділігі мен дәлдігін арттырудағы рөлі талқыланады.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Инновациялық зерттеу әдістерінің дәстүрлі антропологиялық әдістерден айырмашылығы қандай?
2. NVivo, SPSS және SmartPLS бағдарламалары бір зерттеуде қалай толықтыра алады?
3. Цифрлық құралдарды қолданудың ғылыми артықшылықтары қандай?
4. Антропологиялық зерттеулердің болашағында қандай технологиялар маңызды болады?

Практикалық тапсырмалар

1. Бұрын орындалған зерттеу материалдарын пайдаланып, сапалық және сандық нәтижелердің байланысын көрсетіңіз.
2. Зерттеу нәтижелерін кесте немесе сызба түрінде жүйелеңіз.
3. Өз зерттеуіңіздің цифрлық талдау кезеңдерін қысқаша сипаттаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.

2. Creswell J.W., Plano Clark V.L. *Designing and Conducting Mixed Methods Research*.
3. Hair J.F. et al. *A Primer on Partial Least Squares Structural Equation Modeling (PLS-SEM)*.
4. Bazeley P. *Qualitative Data Analysis with NVivo*.

СЕМИНАР САБАҚ №13

Тақырыбы:

Цифрлық платформадағы этнографиялық бақылау тәжірибесі

Сабақтың мақсаты

Студенттерге цифрлық этнография әдістерін тәжірибеде қолдануды үйрету, онлайн қауымдастықтарды зерттеу ерекшеліктерін түсіндіру және цифрлық кеңістіктегі мәдени тәжірибелерді талдау дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында цифрлық этнография қазіргі антропологиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Онлайн қауымдастықтарды зерттеу, әлеуметтік желілердегі мәдени тәжірибелерді бақылау, цифрлық коммуникация ерекшеліктерін талдау және виртуалды ортадағы әлеуметтік өзара әрекеттесуді сипаттау тәсілдері меңгеріледі. Сонымен қатар зерттеушінің цифрлық кеңістіктегі рөлі, онлайн бақылау жүргізудің этикалық талаптары және цифрлық деректерді ғылыми талдау қағидалары қарастырылады. Практикалық бөлімде студенттер нақты онлайн қауымдастықты тандап, микроэтнографиялық бақылау жүргізеді және алынған нәтижелерге антропологиялық талдау жасайды.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Digital Ethnography дәстүрлі этнографиядан несімен ерекшеленеді?
2. Онлайн қауымдастықтарды зерттеуде қандай этикалық талаптар сақталуы тиіс?
3. Әлеуметтік желілер мәдени нормалардың қалыптасуына қалай әсер етеді?
4. Цифрлық кеңістіктегі бақылаудың артықшылықтары мен шектеулері қандай?

Практикалық тапсырмалар

1. Белгілі бір онлайн қауымдастыққа микроэтнографиялық бақылау жүргізіңіз.
2. Бақылау нәтижелерін қысқаша этнографиялық сипаттама түрінде рәсімдеңіз.
3. Онлайн ортадағы мәдени тәжірибелерге антропологиялық талдау жасаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Pink S. et al. *Digital Ethnography: Principles and Practice*.
2. Kozinets R. *Netnography*.
3. Hine C. *Ethnography for the Internet*.
4. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.

СЕМИНАР САБАҚ №14

Тақырыбы:

Ғылыми нәтижелерді таныстыру және академиялық коммуникация

Сабақтың мақсаты

Студенттерге антропологиялық зерттеу нәтижелерін академиялық ортада ұсынудың негізгі қағидаларын меңгерту, ғылыми коммуникация мәдениетін қалыптастыру және кәсіби презентация жасау дағдыларын дамыту.

Қысқаша мазмұны

Семинар барысында ғылыми зерттеу нәтижелерін көпшілікке және академиялық қауымдастыққа ұсынудың негізгі тәсілдері қарастырылады. Ғылыми презентацияның құрылымы, ғылыми постер дайындау, конференциялық баяндама әзірлеу және ғылыми пікірталасқа қатысу мәдениеті талданады. Сонымен қатар академиялық коммуникациядағы ғылыми дәлелдеу, пікірталас жүргізу, сұрақтарға жауап беру және ғылыми этиканы сақтау мәселелері қарастырылады. Практикалық бөлімде студенттер өздерінің зерттеу жобалары бойынша қысқаша ғылыми баяндама дайындап, топ алдында таныстырады және өзара сараптамалық пікір алмасады.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Ғылыми презентация қандай талаптарға сәйкес болуы тиіс?
2. Академиялық коммуникацияның негізгі қағидалары қандай?
3. Зерттеу нәтижелерін көпшілік аудиторияға қалай тиімді жеткізуге болады?
4. Ғылыми пікірталаста қандай кәсіби дағдылар қажет?

Практикалық тапсырмалар

1. Өз зерттеуіңіз бойынша 5–7 минуттық ғылыми презентация дайындаңыз.
2. Презентацияңызға арналған қысқаша ғылыми постердің құрылымын әзірлеңіз.
3. Топтағы басқа студенттердің баяндамаларына сараптамалық пікір беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Alley M. *The Craft of Scientific Presentations*.
3. Becker H.S. *Writing for Social Scientists*.
4. American Anthropological Association. *Public Education Resources*.

СЕМИНАР САБАҚ №15

Тақырыбы:

Этнографиялық зерттеу жобасын қорғау және кәсіби рефлексия

Сабақтың мақсаты

Студенттердің семестр бойы орындаған этнографиялық зерттеу жобаларын ғылыми тұрғыдан қорғау, зерттеу нәтижелерін негіздеу және кәсіби рефлексия жасау қабілеттерін дамыту.

Қысқаша мазмұны

Қорытынды семинар пән бойынша меңгерілген теориялық білім мен практикалық дағдыларды жинақтауға бағытталған. Студенттер семестр бойы орындаған зерттеу жобаларын таныстырып, зерттеу мәселесін, қолданылған әдістерді, деректерді жинау және талдау кезеңдерін, алынған нәтижелер мен қорытындыларды ғылыми негізде ұсынады. Сонымен қатар зерттеу барысында кездескен әдіснамалық және этикалық қиындықтар, оларды шешу жолдары және болашақ зерттеулердің мүмкін бағыттары талқыланады. Семинар соңында студенттер өздерінің зерттеушілік тәжірибесіне кәсіби рефлексия жасап, пән барысында қалыптасқан білімдері мен дағдыларын бағалайды. Қорытынды пікірталас әлеуметтік-мәдени антропологиядағы зерттеу әдістерінің қазіргі ғылымдағы орны мен болашағын талқылаумен аяқталады.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Зерттеу барысында қандай әдіснамалық қиындықтар кездесті?
2. Таңдалған әдістер зерттеу мақсатына қаншалықты сәйкес келді?
3. Алынған нәтижелердің ғылыми және практикалық маңызы қандай?
4. Болашақта бұл зерттеуді қалай жетілдіруге болады?

Практикалық тапсырмалар

1. Этнографиялық зерттеу жобаңызды ғылыми презентация форматында қорғаңыз.
2. Зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша аналитикалық есеп ұсыныңыз.
3. Өз зерттеу тәжірибеңізге кәсіби рефлексия жасап, негізгі қорытындыларды тұжырымдаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Bernard H.R. *Research Methods in Anthropology*.
2. Ingold T. *Anthropology: Why It Matters*.
3. Lassiter L.E. *Collaborative Ethnography*.
4. Pink S. *Doing Visual Ethnography*.